

## Жария сервитутты белгілеу туралы

Қарағанды облысы Ақтөгай ауданының әкімдігінің 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 04/01 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 17-бабының 1-1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Ақтөгай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Altynkol mining" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қазбаларды барлау үшін, жалпы көлемі 1392,0 гектар жер участкесін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алғып қоймай 2028 жылдың 29 шілдесіне дейін жария сервитут белгіленесін.

2. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөгай ауданы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтөгай ауданының әкімі

C. Әбеуова

Ақтөгай ауданы әкімдігінің

2023 жылғы 17 қаңтардағы

№ 04/01 қаулысына

қосымша

"Altynkol mining" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жария сервитут белгіленетін жер участкелерінің тізбесі

№	Атауы	Жария сервитут белгілеудің жалпы алаңы, га	Оның ішінде	
			ауыл шаруашылығы алқаптары, жайылым га	Өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері га
1	Ауданның жер қоры	1392,0	1277,2	114,8
	Барлығы	1392,0	1277,2	114,8